«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай
өңірлік университеті»
КЕАҚ

Бекітемін
Басқарма Төрағасы-
Ректор
_____ С.Куанышбаев
28.10 2026 ж.

ЕРЕЖЕ

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ТЕСТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Е 119 - 2026

Қостанай

Алғы сөз

1 Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімімен **ӘЗІРЛЕНДІ**

2 Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімімен **ЕНГІЗІЛДІ**

3 Басқарма Төрағасы-Ректордың 28.10. 2026 жылғы №323 НҚ бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 ӘЗІРЛЕУШІ:

Қ.Мауленов – Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің бастығы, PhD докторы.

5 САРАПШЫЛАР:

Э.Наурызбаева – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты;

Исмаилова Г.С. – академиялық саясат және оқу іс-әрекетінің басқармасының жетекшісі;

Божевольная Н.В. – тіркеу офисінің бастығы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі.

6 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ 3 жыл

7 Е 013-2021 Оқу процесінде тесттерді қолдану орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

Ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

© «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті»
КЕАҚ, 2026

Мазмұны

1. Қолдану саласы..... 4
2. Нормативтік сілтемелер..... 4
3. Тестілеу түрлері..... 4
4. Белгілер мен қысқартулар..... 5
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер 5
6. Жалпы ережелер..... 5
§1 Тест тапсырмаларының базасына қойылатын жалпы талаптар..... 5
§2 Студенттердің тестілік бақылауын ұйымдастыру жауапкершілігін бөлу... 7
7. Келісу және тарату..... 7
А Қосымшасы. ААЖ Platonus тест тапсырмаларын қалыптастыру тәртібі……..... 9
В Қосымшасы. LMS Moodle жүйесінде тест тапсырмаларын қалыптастыру тәртібі..... 13
Е Қосымшасы. Тест тапсырмалары базасының төлқұжаты..... 16

1 тарау. Қолдану саласы

1. Осы Ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ-да тестілік бақылау нысанын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды көздейді. (әрі қарай – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ немесе университет).

2. Осы құжат университеттің нормативтік-анықтамалық құжаттамасының құрамына кіреді, орындау үшін міндетті болып табылады Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ барлық құрылымдық бөлімдер шегінде әрекет етеді.

2 тарау. Нормативтік сілтемелер

3. Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы. (22.01.2021 ж. өзгерту енгізілді);

2) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына 1-қосымша);

3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 397 бұйрығы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қашықтықтан оқыту ережелері;

4) ҚР СТ ISO 29994-2023 «Білім беру және оқыту саласындағы қызметтер. Қашықтықтан оқытуға қойылатын талаптар», 2023 жылдың 5 желтоқсанында бекітілген.

5) ҚП 001-2025 Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару;

6) ҰС 002 – 2025 Ұйым стандарты. Іс қағаздарын жүргізу

3 тарау. Тестілеу түрлері

4. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалануы тестілеудің екі түрі арқылы жүзеге асырылады: емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін ағымдағы емтихандық тестілеу және мемлекеттік қорытынды аттестаттау шеңберінде өткізілетін кешенді қорытынды тестілеу.

Тестілеу оқу нәтижелерін бағалануында объективттік және дұрыс нәтижелерді қамтамасыз ететін, форматтар мен рәсімдерге сәйкес LMS Moodle және «Platonus» ААЖ электрондық платформаларында өткізіледі.

Жоғары оқу орнында тестілеу студенттердің тиісті пәндер бойынша оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында аралық бақылау барысында да қолданылады.

4 тарау. Белгілер мен қысқартулар

5. Осы Ережеде келесі қысқартулар пайдаланылады:

1) Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ КЕАҚ - «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) ПОҚ-профессор-оқытушылар құрамы;

3) ЖБ МЖМС – жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

4) ЦТжЖИБ – Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімі;

5) ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

6) LMS – Learning Management System – қашықтықтан оқыту жүйесі.

5 тарау. Жауапкершілік және өкілеттіктер

6. Осы Ережені Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ Басқарма Төрағасы-ректор бекітеді.

7. Енгізілуі және жаңартылуы үшін жауапкершілік Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің бастығына жүктеледі.

8. Осы Ережені қолдану, құжаттардың сақталуы және қызметтік ақпараттың таралуы кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін, жауаптылық құрылымдық бөлімше басшыларына жүктеледі.

6 тарау. Жалпы ережелер

Параграф 1. Тест тапсырмаларының базасына қойылатын жалпы талаптар

9. Тест тапсырмаларының базасы пәннің мазмұны мен негізгі ұғымдарын барынша толық қамтуға, сондай-ақ пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес келуге тиіс. Аралық аттестаттау емтиханы бойынша тест тапсырмаларының базасы **1 кредитке кемінде 80 сұрақты** қамтуы керек, емтихандық тестілеудегі сұрақтар саны- **40**.

10. Кешенді қорытынды аттестаттау емтиханының тест тапсырмаларының деректер базасы **бір емтиханға кемінде 800 сұрақтан** тұруы керек, емтихан тестіндегі сұрақтар саны -**100**.

11. Тест тапсырмаларының деректер қоры пәннің мазмұнын және негізгі ұғымдарды барынша толық көрсетуі керек, сонымен қатар оқу жұмыс жоспарына сәйкес келуі керек.

12. Білім беру порталының және қашықтықтан оқыту жүйесінің мүмкіндігіне қарай оқытушылар тест тапсырмаларының әртүрлі түрлерін әзірлей алады.

13. Университеттің ақпараттық жүйелерінде (Platonus, LMS Moodle) ең көп таралған және қолданылатындары тест тапсырмаларының (сұрақтар) келесі түрлері болып табылады:

1) бір дұрыс жауабы бар жабық түрдегі тапсырмалар - дайын жауаптары бар және респонденттен ұсынылған жиынтықтан бір нұсқаны таңдауды талап ететін тапсырмалар;

2) бірнеше дұрыс жауабы бар жабық түрдегі тапсырмалар - дайын жауаптары бар және респонденттен ұсынылған жиынтықтан бірнеше нұсқаны таңдауды талап ететін тапсырмалар;

3) ашық түрдегі тапсырмалар (сандық жауап, қысқа жауап) - ұсынылған жауаптары жоқ тапсырмалар, тестілеугі адам жауапты пернетақтадан өзі енгізеді;

4) ассоциативті түрдегі тапсырмалар (сәйкестік сұрақтары) - тестілеушіге екі тізімнің элементтері арасындағы сәйкестікті орнату сұралады, яғни қойылған сұрақтарға сәйкес қолжетімді жауаптарды реттеу;

5) ретімен орналастыру түріндегі тапсырмалар (ретімен орналастыру сұрағы) - тестілеуші тізімнің элементтерін белгілі бір реттілікпен орналастыруы керек.

14. Тест тапсырмасының әрбір түрі үш элементтен тұрады: нұсқаулар, тест тапсырмасының мазмұны, тапсырмалардың жауаптары. Бұл элементтердің құрылымы мен мазмұны белгілі бір талаптарға сай болуы керек:

1) *Нұсқаулар:*

- тапсырманың басында беріледі және студенттің не істеуі керек екенін көрсетеді. Мысалы, «Бір дұрыс жауапты таңдаңыз ….», «Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз», «Арасындағы дұрыс сәйкестікті орнатыңыз ….» және т.б.;

Автоматтандырылған тестілеуде нұсқаулар әрбір келесі тест тапсырмасымен бірге экранда көрсетілуі керек, бұл бір тестте әртүрлі тапсырмалар түрлерін пайдаланған кезде өте маңызды.

2) *Тест тапсырмасының мазмұны*:

- нақты және анық тұжырымдалған;

- тек жалпы қабылданған атаулар, белгілер және терминология болуы тиіс;

- қайталаулар, жаргондар, метафоралар қолдануға болмайды.

3*) Тапсырмалардың жауаптары:*

- мәтіннің ұзындығы шамамен бірдей;

- жауап нұсқаларының дұрыстығы дау тудырмауы керек, оны барлық рұқсат етілген немесе ұсынылған білім беру басылымдары біржақты түсіндіруі керек;

-шешімі жоқ тапсырмалар, сандырақ жауаптар болмауы керек, сонымен қатар келесі жауаптарда болмауы тиіс: «дұрыс жауап жоқ», «барлық жауаптар дұрыс», «барлық жауаптар дұрыс емес»;

- дұрыс жауаптың жанында нүктелер, жұлдызшалар және басқа белгілер болмауы тиіс.

Параграф 2. Студенттердің тестілік бақылауын ұйымдастыру жауапкершілігін бөлу

15. Емтихандық тестілеу компьютерлік тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

16. Ағымдағы емтиханды компьютерлік тестілеу түрінде өткізу үшін кафедрада пән бойынша тест тапсырмаларының мәліметтер базасы дайындалады.

17. Тест тапсырмаларының сапасына, олардың мазмұнына, әзірленуіне, уақытында дайын болуына жауапкершілік бағдарлама жетекшісіне (дәріскерге) жүктеледі.

18. Тест тапсырмаларын құрастырушы сұрақтар мен жауап нұсқаларының дұрыстығына, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық және басқа қателер үшін толық жауап береді..

19. Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының төлқұжаты дайындалады және бекітіледі (Қосымша Е).

20. Тест тапсырмаларының базасын нормативтерге сәйкестігін кафедра меңгерушісі тексереді және тест тапсырмасының паспортында меңгеруші қолымен куәландырылады. Содан кейін тест тапсырмалары базасының электрондық нұсқасын цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің әдіскерлері тексереді және сонымен қатар ЦТжЖИБ әдіскерінің қолымен куәландырылады.

21. Тест тапсырмалары базасының төлқұжатының түпнұсқасы кафедрада сақталады. Паспорттың электрондық нұсқасы тест тапсырмаларының базасымен бірге **емтихан басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей** цифрлық технологиялар және ЖИ бөліміне беріледі.

22. Тест тапсырмаларын ААЖ Платонус жүйесіне жүктеу жауапкершілігі цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің әдіскерлеріне жүктеледі. Құрастырушы (оқытушы) 7-тараудың талаптарына сәйкес тест тапсырмаларының деректер қорын ресімдеуге жауапты.

23. Оқытушы LMS Moodle жүйесінде сұрақтар банкін толтыруды, тест құрастыруды және «Тест» элементін баптауды өз бетінше жүзеге асырады, қажет болған жағдайда ЦТжЖИБ әдіскерлерінен консультациялық және әдістемелік қолдау алады. Құрастырушы тест тапсырмаларының базасын А, В және С қосымшаларының талаптарына сәйкес рәсімдеп, ЦТжЖИБ бөліміне тапсырады.

24. Тест тапсырмаларының банктерін қалыптастыруды, тестілеу уақытын LMS Moodle және ААЖ Platonus жүйесінде тестілеуді тағайындауды цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің әдіскерлері бақылауды жүзеге асырады.

7 тарау. Келісу және тарату

25. Ережені келісу және тарату ҚП 001-2025. Құжаттаманы басқару. Құжаттау процедурасына сәйкес жүргізіледі.

26. Осы Ереже академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы, академиялық саясат және оқу іс-әрекетінің басқармасының жетекшісі және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығымен келісіледі.

27. Ереженің түпнұсқасы бекіту парағымен қабылдау-тапсыру актісі бойынша құжаттамалық қамтамасыз ету бөліміне беріледі.

Осы Ереженің жұмыс данасы ішкі корпоративтік желіден кіру мүмкіндігімен университет сайтында орналастырылады.«Платонус» ААЖ және LMS Moodle жүйелерінде тест тапсырмаларын қалыптастыру тәртібі бойынша А және В қосымшаларында берілген.

А Қосымшасы

«Платонус» ААЖ тест тапсырмаларын қалыптастыру тәртібі

Цифрлық технологиялар және ЖИ бөліміне Platonus бойынша тесттерді қалыптастыру және беру тәртібі

Пәндер бойынша тест тапсырмаларын құру үшін папка жасау керек. Үтірмен бөлінген папка атауын көрсетіңіз: пәннің толық атауы (қысқартулар мен аббревиатураларды қолданбай); кредит саны; оқу түрі; пән оқылатын семестр; оқу жылы; оқытушы-құрастырушының толық аты-жөні; тест тапсырмасы арналған курс № көрсетілген оқу бағдарламасының тізімі.

Мысалы:

Философия, 2 кр, күндізгі
2 сем, 17-18 ж., Иванов И.И.,
Физика 2к, Математика 2к,…

сурет 1

Папкада Төлқұжат және тест тапсырмалары бар файлдар электронды түрде сақталып, Цифрлық технологиялар және ЖИ бөліміне беріледі.

МАҢЫЗДЫ!!! Жабық сұрақтар бір файлда сақталады, ал қалған барлық түрдегі сұрақтар басқа файлда бірге сақталады, яғни. тест сұрақтары бар екі файл және төлқұжаты бар бір файл ғана.

Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің әдіскерлері тест тапсырмаларының базасын ААЖ Platonus бағдарламасы арқылы бақылауға қажетті пішінге келтіреді.

ААЖ Platonus тест тапсырмаларының базасын әзірлеу

Тест тапсырмалары Microsoft Word 2024 мәтіндік редакторында немесе Microsoft Excel 2024 электрондық кесте редакторында теріледі. Графиктер, диаграммалар, сызбалар және т.б. сурет түрінде құрастырылады және барлық химиялық және математикалық формулалар Microsoft Word формула редакторында орындалып, *.mht веб мұрағат форматында сақталуы керек. (Веб бет бір файлда).

Microsoft Word 2024 бағдарламасындағы жалпы пішімдеу ережелері.

1) Мәтін стилі: шрифт - Times New Roman, өлшемі – 14, туралау – сол жақ.

сурет 2

2) Тест сұрақтары арасында бос жолдар мен бос ұяшықтардың пайда болуын болдырмау үшін мәтіннің біркелкі пішімделуін сақтау қажет.

3) Тест сұрақтарын құрастыру кезінде сұрақ нөмірін жазудың қажеті жоқ, жауап нұсқаларында реттік әріптік белгілені (A), B), C), ... немесе 1), 2), 3),)қолданбауға болады.

4) Соңғы жауап нұсқасы мен одан кейінгі сұрақ бос жолмен бөлінеді (бос орындар, нүктелер, үтірлер және т.б. болмауы тиіс);

5) Жауап нұсқаларының арасында бос жолдар болмауы тиіс.

6) Сканерленген тест тапсырмасын пайдалануға тыйым салынады.

Жабық түріндегі сұрақтар келесі үлгідегідей құрастырылады:

<question> Шығармаларында ортағасырлық түркі тілдес халықтардың этнографиясы туралы мәліметтер бар автор
<variant> М. Кашгари
<variant> Ж.Ампер
<variant> Э.Тейлор
<variant> Л.Морган
<variant> Б.Малиновский

Сұрақ мәтіні тег деп аталатын арнайы <question> сөзінен кейін басталып, “<”және “>” үшбұрышты тырнақшаға алынған келесі тегке дейін жалғасады. Сұрақтың күрделілігін көрсету үшін <question> сөзін келесі сөздерге ауыстыруға болады:

- question1 – жеңіл сұрақ
- question2 – орташа қиындықтағы сұрақ
- question3 – қиын сұрақ

Әрі қарай, жаңа жолдан арнайы тегінен <variant> кейін жауап нұсқалары жазылады. Әрбір нұсқа <variant> тегінен басталып, жаңа жолға жазылады.

Бірінші нұсқа дұрыс жауап болып табылады, бұл тест тапсырмаларын құрастыру кезінде ескерілуі керек.

Бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмасын құрастыру. Осы түрдегі сұрақтарды құрастыру кезінде әрбір сұраққа 2 немесе одан да көп дұрыс жауап және кемінде бір қате жауап болуы **маңызды**.

Мысал:

<question> Жұмыс өмірінің жоғары сапасының сипаттамалары болып табылады …
< variantright > еңбекке ақы төлеу және тану
< variantright > жұмыс ортасы санитарлық нормаларға сәйкес болуы керек
< variantright > басқарушылық бақылау аз болуы керек
< variantright > жұмыс қызықты болуы керек
<variant> сайланбалы органның құрамы
<variant> жеке адам мен топ арасындағы қақтығыс

Сұрақтың күрделілігін көрсету үшін <question> сөзін келесі сөздерге ауыстыруға болады:

- question1 – жеңіл сұрақ
- question2 – орташа қиындықтағы сұрақ
- question3 – қиын сұрақ

Ашық түріндегі сұрақтарды құрастыру (жауапты жазу – сөйлем!)

1) Сұрақтың жауабы бір ғана жауапты қамтиды;
2) Жауап ретінде графикалық объектілерді, сондай-ақ пернетақтадан теруге болмайтын белгілерді пайдалануға тыйым салынады;
3) Жауап нұсқасы жекеше түрде атау септік ретінде көрсетіледі;

Жауап нұсқаларында тыныс белгілерінің барлығы алынып тасталады, сөздер бос орынмен (ПРОБЕЛ) бөлінген.

МАҢЫЗДЫ!!! Ашық сұрақтарды, «Реттеу» түріндегі сұрақтарды және сәйкестендіру сұрақтарды бөлек бір файлда жасау керек. Сұрақтың қиындығы сұрақтан кейін жақшада көрсетіледі.

Мысал 1:
«Қазақ халқының 1000 әнінің» авторы қай композитор, этнограф? (2)
Затаевич
Мысал 2:
Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі қай жылы жарияланды? (1)
1991

«Реттеу» түріндегі сұрақты құрастыру.

1. Осы түрдегі сұрақтарды құрастыру кезінде орындалу керек нұсқалардың дұрыс реттілігін көрсету қажет..

Мысал:
Температураны өсу (ұлғайту) ретімен орнатыңыз (1)
-5
-1
0
+15
+22

Сәйкестендіру түріндегі сұрақтарды құрастыру. Осы типтегі тест құрастыру кезінде бір-бірімен байланысқан жұптарды дұрыс ретпен көрсету қажет. Тест тапсыру кезінде студенттің жауап нұсқалары аралас болады.

Мысал:
Билеушілердің атауларын тайпалық бірлестіктермен сәйкестендіріңіз: (2)

Сақтар	Патша
Үйсіндер	Гуньмо
Қаңлылар	Хан
Ғұндар	Шаньюй

«Жабық» типті сұрақтарға арналған Microsoft Excel 2024 бағдарламасындағы жалпы құрастыру ережелері:

Microsoft Excel 2024 бағдарламасындағы құжат келесідей құрастырылуы керек:

Әлеуметтану ғылым болып қашан қалыптасты?	19 ғасырда	18 ғасырда	20 ғасырда	Орта ғасырларда	17 ғасырда

Яғни, файлдың бір парағында әр жолда бір тест сұрағы болады. Жол келесідей толтырылады: бірінші ұяшықта сұрақтың мәтіні, келесі ұяшықтарда жауап нұсқалары болады. Бірінші нұсқа дұрыс жауап болып табылады. Бұл тест сұрақтарын құрыстыру кезінде ескерілуі керек.

Тест сұрақтарын құрыстыру барысындаа бос жолдар мен бос ұяшықтардың пайда болуын болдырмау керек.

В Қосымшасы

LMS Moodle жүйесінде тест тапсырмаларын қалыптастыру тәртібі

Цифрлық технологиялар және ЖИ бөліміне LMS **Moodle бойынша тесттерді қалыптастыру және беру тәртібі**

Оқытушыда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ корпоративтік оқыту бағдарламасы бойынша «LMS Moodle жүйесінде тестілеуді құрастыру» семинарының сертификаты болмаса, тест құрастырушы тест тапсырмаларын ҚОТБ береді.

Емтихандық тест тапсырмаларының деректер базасын ҚОТБ-не беру үшін оқытушы емтихан басталғанға дейін бір айдан кешіктірмеуі тиіс:

1) Папка жасаңыз. Үтірмен бөлінген папка атауын көрсетіңіз: пәннің толық атауы (қысқартулар мен аббревиатураларды қолданбай); Moodle жүйесіндегі курс id; оқу жылы; оқытушы-құрастырушының толық аты-жөні.

2) Microsoft Word 2024 мәтіндік редакторында тест тапсырмаларын құрастырып және папкаға екі файлды сақтау. Файл1_Бірнеше таңдау файлында бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар сұрақтар. Файл 2_Әртүрлі типтер, "Бірнеше таңдау" түрінен басқа, әртүрлі типтегі сұрақтарды қамтиды. Тест сұрақтары осы тараудың 2-тармағының талаптарына сәйкес құрастырылуы тиіс.

3) Тест тапсырмаларының деректер базасына төлқұжат дайындау (Қосымша Е) және кафедра отырысында бекіту. Тест тапсырмалары базасының төлқұжатының түпнұсқасы кафедрада сақталады.

4) Цифрлық технологиялар және ЖИ бөліміне тест тапсырмаларының файлдары бар папканы және тест тапсырмасының деректер базасының паспорттық файлын электронды түрде беру.

Мысал:



сурет 3

5. Цифрлық технологиялар және ЖИ бөлімінің әдіскерлері тест тапсырмаларының базасын реттейді және Moodle оқу курсына жүктейді, емтихан тестін қалыптастырады және орнатады.

LMS **Moodle тест тапсырмаларының базасын әзірлеу**

Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар «Көп таңдау» түріндегі сұрақтарды қалыптастыру:

1) Сызбалар, графикалар, диаграммалар, химиялық және математикалық формулалар және т.б. сурет түрінде ресімделіп, «в тексте» позициясында болуы керек яғни жаңа жолдан емес. Сурет немесе формула алдында Enter пернесін **басуға болмайды;**

2) Мәтін стилі: шрифт - Times New Roman, өлшемі – 14, туралау – сол жақ жиегі бойынша;

3) Тест сұрақтарын құрастыру кезінде сұрақ нөмірін жазудың **қажеті жоқ**, жауап нұсқаларында реттік әріптік белгілені (A), B), C), ... немесе 1), 2), 3),....);

4) Сұрақ тек бір абзацтан тұруы керек. Сұрақ ұзақ және бірнеше сөйлемнен тұратын болса да және бірнеше жолды қамтитын болса да, ол бәрібір бір абзац болуы керек, яғни, сөйлемді аяқтағаннан кейін Enter пернесін **басуға болмайды;**

5) Әрбір жауап нұсқасы тек бір абзацта болуы керек. Бір жауап нұсқасында сөйлемдерді бір-бірінен жаңа жолға көшу арқылы бөлуге **рұқсат етілмейді** (Enter пернесі);

6) Әрбір келесі жауап жаңа жолға жазылады. Жауап нұсқаларының арасында бос жолдар болмауы тиіс;

7) Дұрыс жауап (жауаптар) қою шрифтпен жазылады;

8) Жауаптың соңғы нұсқасы мен одан кейінгі сұрақ бос жолмен бөлінеді (бос орын, нүкте, үтір және т.б. қойылмайды);

9) Сканерленген тест тапсырмасын пайдалануға тыйым салынады;

Ашық сұрақ түрін құрастыру (сандық жауап, қысқа жауап):

1) Сұрақтың жауабы бір ғана жауап нұсқасын қамтиды және сұрақтың астына жаңа жолға жазылады;

2) Жауапта графикалық объектілерді, сондай-ақ пернетақтадан теруге болмайтын белгілерді пайдалануға тыйым салынады;

3) «Қысқы жауап» түріндегі сұрақтң жауабы жекеше түрде атау септік ретінде көрсетіледі;

4) «Сандық жауап» сұрағына жауап ретінде тек араб цифрларымен жазылған бір ғана сан болуы тиіс болады;

5) Жауап нұсқаларында тыныс белгілерінің барлығы алынып тасталады, сөздер бос орынмен (ПРОБЕЛ)бөлінген.

Мысалы:

«Қазақ халқының 1000 әнінің» авторы қай композитор, этнограф? (2)
Затаевич

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі қай жылы жарияланды? (1)
1991

«Реттік» сұрақ түрін құрастыру. Осы түрдегі сұрақтарды құрастыру кезінде нұсқалардың дұрыс реттілігін көрсету қажет. Тест тапсыру кезінде студенттің жауаптары аралас болады.

Мысал:

Температураны өсу ретімен орнатыңыз (ұлғайту)

-5

-1

0

+15

+22

«Сәйкестендіру» түріндегі сұрақтарды құрастыру. Осы типтегі тест құрастыру кезінде бір-бірімен байланысқан жұптарды дұрыс ретпен көрсету қажет. Тест тапсыру кезінде студенттің жауап нұсқалары аралас болады.

Мысал:

Билеушілердің атауларын тайпалық бірлестіктермен сәйкестендіріңіз: (2)

Сақтар	Патша
Үйсіндер	Гуньмо
Қаңлылар	Хан
Ғұндар	Шаньюй

«Жетіспеген сөздерді таңдау», «Мәтінге сүйреп апару» сияқты сұрақтарды құрастыру. Осы сұрақ түрі бойынша құрыстырылған сұрақ мәтінінде жетіспейтін сөздердің нұсқалары курсивпен үтір арқылы бөлініп жақша ішінде көрсетіледі. Дұрыс жауап нұсқасын қалың шрифтпен белгілеу керек.

Мысалы:

Қазақстан Республикасы (***президенттік****, парламенттік, жартылай президенттік)* басқару нысанындағы (***унитарлық****, федеративтік, конфедеративтік*) мемлекет. Мемлекет басшысы (***Президент****, Премьер-Министр, Парламент Сенатының Төрағасы*)

«Сөзді таңдау» түріндегі сұрақтарды қалыптастыру. Осы түрдегі сұрақты құрастыру кезінде сұрақтағы барлық дұрыс нұсқалар (тесттілеуші таңдау керек сөздер) қою шрифтпен бөлектеледі.

Мысал:

Мәтіндегі барлық тұрақсыз етістіктерді тінтуірдің көмегімен шерту арқылы көрсетіңіз.

We **had** a great time in Madrid.

Sally **wrote** a letter to Jim.

I **sent** my regards to her parents.

She never **wore** sunglasses.

Dan **found** somebody else's watch.

С Қосымшасы

Тест тапсырмалары базасының төлқұжаты

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Институт/факультет_____
Кафедра _____

ПАСПОРТ №____

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ БАЗАСЫ

пән бойынша _____

курс id (Moodle жүйесіндегі тест үшін)_____

1. Білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған _____ _____ 2.Курс _____ 3. Семестр _____ 4. Оқыту тілі _____ 5. Кредиттер саны ___ 6. Сұрақтардың жалпы саны _____ 7. Қолданылатын тест сұрақтарының түрлерінің саны_____
Тест тапсырмаларының авторы(лар): _____ _____, /қолы/ / аты-жөні/ _____ _____. /қолы/ / аты-жөні/ Кафедра меңгерушісі: _____ _____. /қолы/ /аты-жөні/
Сараптама нәтижелері: _____пән бойынша тест базасы курс бағдарламасына сәйкес келеді. Сараптама күні «___» _____ 20__ ж. **Кафедра отырысында бекітілген «____» _____ 20_____ ж., протокол №____**
Тестілеу жүйесімен үйлесімділік сараптамасын өтті (АИС Platonus, LMS Moodle) _____ «___»_____20__ж. /ЦТжәнеЖИ бөлімінің әдіскерінің аты-жөні/ _____ /қолы/